



Әбушәріпұлы С.,  
Әбуов Ә.Е.

**ЕҢ ҚАЖЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ –  
ИСЛАМ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ  
МӘДЕНИЕТ**

*В статье рассматриваются  
проблемы взаимоотношения  
Ислама и традиционной культуры.*

*The problems of relationship between  
Islam and traditional culture are described  
in this article.*

Әрбір соны мәдениеттану теориясы дүниені танып-білудің өзіндік тұжырымдамасын ұсынады. Мәдениеттану тарихты, өнердің танымал шығармаларын, олардың жасаушы-ларын жаңаша соны да соқпақты жолмен түсіндірудің амалын көрсетіп беруге тырысады, тіпті философияның да атқаратын функциясын ішінара болса да өз мойнына алуға бейіл, яғни дүниені тұтастай қабылдаудың жүйесін беруге дайын тұрады, мәдениеттанушылық ойлау жүйесі мен дүниетүйсігі қазіргі уақытта адамдардың өмірінде маңызды рөл атқарады және де гуманитарлық ғылымдардың негізі ретінде көрінуде. Нақ мәдениеттанудың ұғымдары біздің заманымызда «евроцентризмнің» негізсіз екендігіне көз жеткізіп, «көпполустік өркениет» пен мәдениеттердің өзіндік құндылығын жұртшылыққа мойындатуға мұрындық болды. Мәдениет жөніндегі ғылымның пайда болуы басқа халықтардың мәдениеттілігін европалық мәдениет стандарттарына сай келуі немесе келмеуіне байланыстырып бағалау мен түсіндіру әдісінің, яғни мәдени евроцентризмнің күйреуіне себепші болды [1].

Қазіргі мәдениет – диалогтық қатынаста болатын, өзіне тән ерекшелігімен ажыралып тұратын көптеген мәдениеттердің жиынтығы ғана емес, бұл сонымен қатар дүниежүзілік мәдениет, шумерлерден бастау алып, бүгінгі күнге дейін жеткен, Шығыстан Батысқа, Батыстан Шығысқа дейін тараған біртұтас мәдени ағым.

Бүгіндері мәдениет тағдыры жөнінде екі көзқарас белең алған: оптимистік және пессимистік. Оптимистер дүниежүзілік мәдениет дұрыс жолда, келешек ғылым, техника, ақпарат, рационалдық ойлау тұрғысынан ұйымдастырылған экономикаға байланысты, батыс мәдениетінің құндылықтары (табыс, жетістік, өкімет, жеке тұлғалық еркіндік, күш және т.б.) архетиптік және ақиқаттық сипат алған, ал батыстық тұрмыс салты – бірден-бір дұрыс салт болып табылады, деп біледі. Шпенглерден басталған сыни көзқарас, керісінше, қазіргі дүниежүзілік мәдениеттің күйреуге бет алғандығын көлденең тартады. Бұл дилемманы шешу жолында бүгіндері екі қарама-қарсы бағыт өкілдері айқындалған. Бірі – біздің мәдениетіміздің дағдарыстық құбылыстарынан ақыл-парасат, ғылым, білім беру, барлық нәрсеге саналы түрде қарау, ғылым мен технологияның бағыттарын икемдей өзгерту арқылы арылуға болады деген үміт жетегінде кеткендер. Екінші жолды альтернативті деуге болады. Оны таңдағандар адамзатты діни мәдениеттің түрлеріне (мысалы, Бердяев) немесе адамның салауатты да үйлесімді



өмір сүруі үшін қажетті табиғи ортаға, яғни техника қысымынан азат болатын болмысына қайта оралуға шақырып, табиғат және ғарышпен бірлік және үйлесімділікті орнатуды түйсінудің аса қажеттілігін уағыздауда.

Қазіргі мәдениеттің тағы бір ерекшелігі – дәстүрлі салтты орнықты етумен бір қатарда ғарыштық және экологиялық идеямен, адамзат және оның тағдырының біртұтастығының эстетикалық идеясымен қабысатын мәдениеттің жаңа бейнесінің қалыптасуы дер едік. Базбіреулер «жасылдар» қозғалыстары, экологиялық қозғалыстар, өмірдің эзотериялық тәжірибелері, педагогикалық эксперименттер, дененің жаңа сипат алуы үшін қажетті қозғалысты (музыкалық қозғалыс, йога, қаратэ, медитацияның жаңа түрлері) үдету, жаңа моральдық құндылықтарды іздестіру әрекеті – мұның бәрі дүниежүзілік мәдениеттің жаңа баламалы күртектері мен ошақтары деп біледі.

Дербес ғылыми пән ретіндегі мәдениеттанудың негіздері, оның зерттеу зерзаты философиялық немесе басқа тұғырлармен толығымен сәйкестене бермейтінін американдық ғалым Лесли Уайт айтып кеткен. Дегенмен де мәдениеттану әлі де болса өзінің зерзаты мен әдістерін айқындау кезеңін бастан кешіруде, ол ғылыми пән ретінде теориялық деңгейдің биігіне күні бүгінге дейін шыға алмай отыр.

Қазіргі уақытта мәдениеттануды мәдениетті зерттейтін ғылымдардың кешені ретінде қарайтын авторлар бар. Олар мәдениеттің тарихи дамуы мен әлеуметтік қызметін көрсету маңызды деп біледі. Екінші бір авторлар мәдениеттану мәдениетті зерделейтін пәндердің бір бөлімдерінен құралады деп есептейді. Мысалы, мәдениет философиясы оны тұтастай алып түсіндіруге тырысады. Сондай-ақ, мәдениеттану мәдениеттердің түрлі тұрпатының мәселесін зерттейтін мәдениет философиясының бір бөлімін құрайды деп тұжырады.

Ақырында, мәдениеттануды дербес ғылым санап, оның зерттеу әдістерін, оның гуманитарлық білімдер жүйесіндегі орнын анықтау керек деп қарайтын авторлардың қарасы бір төбе.

Г.В. Драчтын пікірінше, мәдениеттанудың мәдениет жөніндегі айрықша білім ретінде ХХ ғасырда пайда болуы мәдениет философиясының бай эмпирикалық материалды (этнографиялық) толығымен бағамдай алуға қабілетсіздік танытуына байланысты; түрлі мәдениеттердің байланыстарының күрт өсуімен (коммуникация құралдарының дамуына байланысты), олардың біртұтас табиғатын тануға деген ұмтылыстың қарқын алуына; сондай-ақ олардың салыстырылуына орай субординация мәселесін анықтауға деген құлшынысқа байланысты; отаршылдық жүйе күйреп, «үшінші дүние» елдерінің ұлттық сана-сезімінің өсуіне байланысты, сондай-ақ мәдениет мәселесіне жаңа көзқарасты қалыптастырудың маңыздылығымен; мемлекеттік саясаттың саласы ретінде қарастырылатын мәдениетті жүйелік талдаудың мақсатқа сай екендігімен; тұтынушылық қоғамда адамның мәдени қажеттіліктерін қалыптастырумен, бұқаралық мәдениет саласында табысты экономикалық іс-әрекетті негіздеу қажеттілігімен; ҒТП-нің қарқын алуына байланысты технократизмнің, рационализмнің алаңдатарлықтай дәрежеде белен алуы және адамның тұрақты өмір сүруін сақтап қалу үшін гуманитарлық тепе-теңдікті табудың маңызының арта түсуімен анықталды.

Бұдан тысқары, мәдениеттің өзінің мәнін дұрыс түсінудің маңызы зор. Өйткені, мәдениеттің қоғамдық құбылыстарды кең көлемде қамтуына байланысты әртүрлі ғылымдар өкілдерінің оған көптеген мағыналық рең беріп түсіндіруге тырысатыны белгілі.

Осы уақытқа дейін мәдениет мәселелері түрлі ғылымдар, пәндер аясында оқытылып келді. Бірақ олардың мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын қарастырмағаны анық еді. Кейбір авторлар (П.С. Гуревич) мәдениеттануды гуманитарлық білімдердің интеграциялық бейнеленуі ретінде қарастырады. Жақын уақытқа дейін нақты ғылымдардың асығы алшысынан түсіп тұрған еді. Гуманитарлық нақты да дәлелді бола бермей, сенімді білімді бере алмайды деп есептелініп келінген еді. Қазіргі уақытта бұл білімнің философия, қоғамтану, адамтану, құқық, мораль, өнер, аңыз, дін, педагогика мен филологияға, «адамдық» қатынастарға, білім мен тәрбие беру, ағарту ісіне қатысы болғандықтан, оның рөлі күннен күнге артып барады. Осыған байланысты мәдениеттанудың да қоғам мен адам өміріндегі алатын орны, өзектілігі, көкейкестілігі мен маңыздылығының арта түсуіне шәк келтіруге болмайды. Ол тұтқиылдан болатын сыртқы араласулар мен әсерлерді былай қойғанда, кез келген әлеуметтік өзгерістің түрлі әлеуметтік-мәдени заңдылықтардың нақ мәдениеттің ішкі қозғалысының нәтижесі ретінде басталатынын түсінуге жәрдемдесуге тиіс.

Қазіргі гуманитарлық мәдениеттің жасалуы үшін өткен замандардың тәжірибесі баға жетпес құндылық болып табылады. Ол өткеннің актуалдық санадағы үнемі қатыстылығын қамтамасыз етеді және оны ауыстыруға немесе ойдан қосып таратудың жолын бөгейді; қазірде жоқ адамдардың өздері қалдырған мұрасы арқылы бізбен мәміле жасауын жалғастыра береді. Осылайша, сабақтастық



жалғасын тауып жатады. Өткенді мансұқтауға, елемеуге тосқауыл болып, оның қазіргі адамдар рухының өшіп қалмауының кепілі бола алады.

Жалпы алғанда, М. Гершензонның жазғанындай, алғашқы қауымдық даналықта барлық діндер мен білімдердің негіздері жинақталған. Ежелгі замандардағы адамдар біздер сияқты ойлап, тәжірибе жинақтаған. Көптеген ғалымдар (Л. Леви-Брюль, А.П. Окладников, С.А. Токарев, Э. Тайлор, Дж.Фрэзер және т.б.) мораль, дін, өнер және басқа мәдениет түрлері кроманьондықтар өмір сүрген кезде (б.з.б. 40-20 мың жыл бұрын) жоғарғы палеолит кезеңінде пайда болған деп біледі. Бұл мәліметтер мәдениеттердің көптұрпаттылығын, олардың бір-біріне ұқсамайтындығы және өзіне ғана тәндігін түсініп жетуге жол сілтейді. Мәдениеттің жойылуымен бірге халық елдігін де жоғалтады, міне мәдениет теориясы оқырманның көзін осыған жеткізеді.

Адамзат тарихындағы қателік-қатыгездіктердің көзі қайсы? Бұларды өзіміздің қоғамымыздың, халқымыздың ішінен де іздегеніміз жөн сияқты. Бүгіндері Қазақстан өзінің тарихында шұғыл бетбұрыс жасаған кезде, әсіресе билік тізгінін ұстағандарға, жалпы жамиятқа гуманитарлық ойлаудың жетіспей тұрғандығы айқын көрінуде. Нақты тарихи және әлеуметтік жағдайлармен айқындалған, басшылардың мүдделер қақтығысы және біліп-білмей әрекет етуімен байланысты жүзеге келген тиісті білімнің және әлеуметтік тәжірибенің тапшылығы – надандық тұрмыстың көптеген салаларында көрініс беріп жатыр: кейбіреулерге тән менталитет – интеллекті, білімді, мәдениетті, шығармашылықты, тәжірибені (дәстүрлі) елемеушілік, қоғамдық, табиғи, ғылыми байланыстардың көптүрлілігі мен көпқабаттылығын қамтуға қабілетсіздік таныту, халықтың санасын мифтендіру мен фетиштендіру, қоғамдық процестерді мистикациялау, өз елінің тарихы, мәдениеті мен тілін жаппай кемсіту, жерге ұру, батыс-орыс өркениетін, оның материалдық, әсіресе әлеуметтік-мәдени жетістіктерін әсірелеу; ақша, билік және күшке ие банкирлер, әкімшілік басшылары, президенттер және «мықты» тұлғаларды ұлықтауға құлшыныс; жаппай жағымпаздық пен бас июдің үдерістері. Надандық тек теріс-жағымсыз жиіркенішті және құбыжық қана емес, жалған-тартымды бейнелерде де көрінеді. Кейбір ақындардың ойлау жүйесінен орын алған құлшыныс – барлық іс-әрекетке ізгіліктің шапанын жауып, ақтай көрсету, мысалы сатқындықты тұрақтылықты қамтамасыз етумен түсіндіру, көпұлттылық жағдайдың орын алуына байланысты ұлтсыздандыруды діни ұстамдылықты сақтау мен үш тұғырлы тіл саясатын насихаттаумен бүркемелеу, авторитаризмді – демократияға балау, ұлттық мүдделерді қорғауды – конституциялық құрылымның негізіне балта шабу деп қарау, отандық мәдениетті жоюды жаңғырту немесе жаңа жағдайға икемдеу, дүниежүзілік өркениет көшінен қалмау, деп жар салу – надандықтың көріністері [2]. Гельвещий айтқандай, надандық әрқашан қоғамдық кесапат-апаттардың ең көбісін тудыратын қайнаркөз болып табылады. Отандық-ұлттық бірлік дәстүрлерінің жойылуы, болмыс пен адамгершіліктің ғасырлар бойы жинақтаған нормаларының адам айтқысыз түрде бұзылуы, адамдық тұлға құндылығының шексіз төмендетілуі, технократизм мен дүниеқоңыздылықтың өрши өсуі – ұлттық гуманитарлық дәстүрлерді елемеудің және имандылықтың жұқаруының көріністері. Мұндай жағдайда тиісінше шұғыл шаралар қолданылмайтын болса, жойқын жойымпаздықтың ақырын күтуден басқа ылажын қалмас.

Бүгіндері мәдениет, «мәдениеттілік» мәселесі біздің Отанымыздың прогрессивтік дамуы үшін басты фактор болып қала береді. ХХІ ғасырда халық мәдениетінің интеллектуалдық, адамгершілік әлеуетін еселей арттыру шын мәнінде ұлтымыздың өзіндігін сақтап қалудың шешуші факторына айналды. Білім және тәрбие беру саласында сапалық өзгерістерсіз мұндай дамуға қол жеткізу қиын болмақ, өйткені білім беру дегеніміз мәдениеттің бір ұрпақтан екіншісіне берілуі деген сөз. Мұндай білім беру жүйесі адамның кен көлемдегі рухани, адамгершілік, эстетикалық, этикалық дамуын қамтиды. Бұл жерде гуманитарлық құндылықтардың, діл мен діннің, тіл мен дәстүрдің, мінез бен құлықтың алатын орны айрықша.

Осыншама сорақтылардың пайда болуының әділетті де қайырымды қоғам құра алмақ емеспіз. Ең ауыр да апатты жағдай адамның азғындауымен, оның тәрбиесіздігімен, мәңгірттенуімен байланысты екенін байқауға болады. Сондықтан өзіміздің дәстүрлі мәдениетімізге оралып, ел тізгінін жер-жерлерде алауыздықтың, сатқындықтың, опасыздықтың, зұлымдықтың жолын кесе алатын, жаңаша һәм қазақша ойлайтын толыққанды жандардың қолына алуына жағдай жасалуы керек. Этикалық, эстетикалық танымнан жұрдай, табиғи және қоғам байлығын тағылықпен тонаудан басқа тәлімі жоқ, бүтін халықты аздыртудан бір танбайтын жер-жерлердегі адам бейнесіндегі жексұрын зұлым топтың өкімі, әр-әр жерде әлі дағы жүріп жатқандардың беделі күшпен орнықтырылып, жұртқа танылып жатқан бүгінгі таңда зиялылардың, алдыңғы қатардағы сауатты жандардың ұйқысынан оянып дұрыс бағытты таңдап



табуға, қоғамды тазартуға деген талаптары мен дәттері жетер емес. Бұған тосқауыл қойылмаса қоғамдағы тәртіпсіздік, бей-берекетсіздік пен әділетсіздік апатты жағдайға жеткізері хақ. «Біздің сақтанатын тұсымыз, – деп жазады Ш. Пәттеев, – «қазақстандық ұлт» болып, оның мәдениеті орыс мәдениетінің негізінде болуы. Себебі, халықтың 99 пайызы орысша біледі де, көпшілігі қазақ тілінде сөйлемейді. Бұл – біздің жасаған қатеміз. Біріншіден, біз отарсыздандыру саясатын жүргізбедік. Екіншіден, мемлекетті құрған тұста басымдық қазақ мәдениетіне берілетінін ашық айтпадық. Соған әу бастан ден қоюымыз керек еді. Ұлтқа, ұлысқа бөлінуді қойып, қазақ мәдениетіне көшуіміз керек еді... Қазір басқалардың қазақ мәдениетінің негізінде құрылған мемлекет дегенге ешқайсысы мойынсұнғысы келмейді» [3].

Қашанда ағат жасалған әрекеттер мен қастандықтар міндетті түрде ұрпағыңның алдынан шығары анық. Сондықтан да жастарды еліктеуден сақтайтын әрекет, тәрбие, өмір салтының салауатты жүйесін ойластырған жөн. Оған жетудің амалы, шарасы ұлттық дәстүрлерді шан жуытпай сақтай отырып, солардың аясы мен тұғырында тіршілігімізді жалғастыра білуде. Мұны қамтамасыз етуге қажетті қолы таза, ары таза, білікті, терең танымды кадрлар күндіз көзілдірікпен, қолға шам алып іздестірілуі керек. Қазақтардың төл тілінен, мәдениетінен, ділінен алшақтап қалмас үшін жанын салатын азаматтарды қызмет сатыларына жоғарлата беру ләзім. Тек ол үшін су жаңа күш – Қоғамды ылас-настар мен жексұрын надандардан, сыбайлас жемқорлықтан тазартатын күш керек. «Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады, ой түбінде жатқан сөз шер толқыса шығады», демекші, өзгеріссіз ештеңе де оналмайды, онбайды. Барлық мәселе, тағдыр-таным, талап, түп-тамыр осыған келіп тіреліп тұр.

Мәдениет тақырыбына бағышталып жазылған отандық авторлардың еңбектері баршылық, бірақ олар бүгінгі таңда тарихы аса бай мәдениетіміздің – халқымыздың өткенін, тіпті бүгінгі жай-күйін, салт-дәстүрі мен мінез-құлқын білуге, үйренуге талап етушілердің сұранысын толық қанағаттандыра алмай отырғандығы жасырын емес. Сонымен бірге авторлардың мәдениет туралы тұжырымдамаларының бәрі бірдей біздің ой-пікірімізбен барлық жағдайда сәйкес келе бермейді. Бұл еңбектерде мәдениеттің мән-мағынасын терең түсініп жетуге ой-тамызық боларлықтай материалдар берілуі тиіс еді.

Дәстүрлі мәдениетімізді сақтап қалу жайлы атқамінерлер мен зерттеушілердің біреуінің де ойлануға, әрекеттенуге не дәті жетпейді, не уақыты жоқ. Бұл реттегі қатырамыз деп уәде берген талай жұмыстар қатпаған күйінде қалды. Сондықтан да мұндай еңбекті жазып, жер-жерлерге тарату арқылы жастардың намысын шабақтауға болады деп білеміз.

*Бұл тақырыптың ғылыми және практикалық құндылығы мынада:*

– Мәдениеттің мәнін және атқаратын қызметін білу, адамзаттың жинақтаған рухани тәжірибесінен хабардар болу дүниежүзілік тарихтың даму тенденцияларын бағамдай алуға жәрдемдеседі;

– Оқу құралында қарастырылатын мәселелер өткендегі және қазіргі мәдениеттердің қайнар көздері, тағдыры жөніндегі пайымдауларды қамтыса игі;

– Студенттерді мәдениеттану тұрғысынан дайындаудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес оқыту мәдениет теориясының негізгі ұғымдарымен, дүниежүзілік және отандық мәдениеттанудың негізгі бағыттары, мектептері және теорияларымен танысуды, олардың логикасын түсінуді, XX-XXI ғасырлар мәдениеті дамуының сипаты мен қайшылықтарын білуді, өмірлік ситуациялар мен көркем шығармалардың эстетикалық және этикалық талдауының әдістерін, кәсіпқойлық этиканың негіздерін игеруді көздейді. Бұл пәнді игеру барысында студенттер мәдениет теориясының негіздері жөнінде түсінік алуы керек;

– Бұл жерде ең басты проблема – студенттерді евроцентризмнің саясында қалмай, Европа мәдениетін универсалдық (эмбебаптық) феномен ретінде біржақты түсінуден бойын аулақ салып, оны Еуропаның табиғи-географиялық жағдайында қалыптасқан, тарихи дамудың айрықша бір өркениеті деп қабылдау керектігін ұқтыру болып табылады. Осыдан барып мәдениеттің көпварианттық генезисін қалпына келтіру, ежелгі мәдениеттердің негізгі типтерін (Индия, Қытай, Египет, Вавилония, Тұран) қарастыру қажеттілігі туындайды. Осы жөнінде Европа (антикалық) мәдениетінің ерекшелігін де анықтауға мүмкіндік туылады. Әрине, келешекте жазылатын осындай еңбекте мәдениеттің барлық типтерін қарастыра алмайтындығымызды ескертіп өтуіміз керек.

Өмірді түсіну, оқиғалар ағыны бізді қай жаққа әкеліп баратынын көре білу керек. Өзіңе және басқаларға бұл әлемді, адамдық әлемді түсіндіру қажет. Сондықтан мәдениет ұғымын түсіну қаншалықты күрделі болмасын, оның мәнін терең пайымдаудың маңызы зор.



Бұл мәселелерді шешу үшін мына міндеттерді қолға алуды жөн көрдік. Мәдениет дегеніміз не; оның табиғат, қоғам және адаммен арақатынасы қандай, көптеген мәдениеттер қалайша пайда болады, олар қалай өзара ықпалдасады деген сұрақтарға жауап іздеу керек-ақ. Мәдениеттің мән-мағынасына, құрылымына, атқаратын қызметтеріне, түрлері мен типтеріне, мәдениет жөніндегі тұжырымдамаларға тоқталып, қазіргі дүниежүзілік (батыстық) мәдениеттің дағдарысы және сондай-ақ өркениеттің тарихи типтері сөз етуге тұрарлық мәселелер. Әсіресе, қазіргі батыс, орыс-славян және жалпы шығыс өркениетінің ерекшеліктеріне назар аударып, бұлардың басқа халықтар мен мәдениеттерге, оның ішінде қазақ мәдениетіне тигізген он және теріс ықпалы кеңінен әңгімелеу; қазақ мәдениетінің Батыс және Орыс өркениеттерінің өрісі ықпалына тартылу ауқымы, көлемі мен деңгейіне байланысты оның келешегін дәлме-дәл болжауға септесетін тұжырымдар мен фактілер дәйектелінуі керек.

Осынау мәселелердің баяны мәдениет мәні жөніндегі барлық теориялық ұғымдарды мүмкіндігінше дәріс беру практикасына енгізуге мұрындық болады. Бұл жерде мәдениетті түрлі тұрғыдан қарастыратын теориялар мен келістер (тұрғылар); ұмыт қалмауы тиіс. Сондықтан іс-қызметтілік және құндылықтық келістер, сондай-ақ фактологиялық көзқарас, мәдениеттің гуманистік, адамгершіліктік мазмұны студенттердің назарынан тыс қалмауы керек. Мұның үшін мәдениеттің эмоционалдық-эстетикалық жағынан импульс беретін әлеуетін пайдалану өте қажет. Бұл мақсатқа жету үшін еңбекте тарихтың көркем мәдениетте көрінісін тапқан кез-келген кезеңіне және әрбір адам үшін мәңгілік маңызы бар ізгілік және жауыздық, махаббат және өшпенділік, қадір-қасиет және намыс т.б. сияқты құндылықтарға мән берілуі ләзімдігі дәйектелінеді. Қарастырылатын материалды отандық мәдени дамудың өткір мәселелерімен байланыстырып, мейлінше өзектендіру керек. Түрлі салаларда өтіп жатқан процестердің тарихи, мәдени тамырларын көрсете отырып, оларды түсінуді жеңілдететін ұқсас аналогтарды табу маңызды. Біздің еліміздегі әлеуметтік практикада жалпы мәдени тенденциялар қалайша нақтыланғанын талдау қажет. Бұл ретте еліміздің мәдени дамуының батыс және шығыс қайнарларының өзарақатынастары, жасалынып жатқан өзгеріс – реформалардың тарихи-мәдени дәйектелінуін беру кіндікті мәселе болып табылады.

– Осы мәселе бойынша іргелі зерттеудің нәтижесінде, мәдениеттің барысын анықтайтын оның бір-екі компоненті ажыратып алынып, жалпы мәдениеттің дамуы жөнінде жаңа тұжырымдар жасалынып, ғылыми айналымға енеді;

– Іргелі зерттеудің нәтижесінде еңбек («Мәдениет пен өркениет теориялары» және «Өркениет және оның тарихи типтері» атты еңбектер) оқу құралдары жарық көрсе игі іс болар еді.

Сондай-ақ, мәдениет пен өркениетті рухани тұрғыдан қарастырудың аса маңыздылығы мен он нәтижеге қол жеткізілетіндігінің тұжырымдамасын берудің маңызы зор.

– Зерттеулерде, оқулықтарда, оқу құралдарында мәдениеттің мән-мағынасын, құрылымы мен түрлері-типтерін, оның атқаратын қызметін, сондай-ақ адам, қоғам, табиғат және мәдениеттің арақатынасы мен өзара ықпалдасуын тереңнен және жан-жақты түсінуге жәрдемдесетін мәдениеттанудың теориялары мен негізгі тұғыр-тұрғылары қарастырылуы керек. Әңгіме мәдениеттің түрлі тәбірліктерін санамалап беруде емес, керісінше ұлттық мәдениет пен қазіргі әлемдік жағдайды, әсіресе батыс қоғамының рухани жағынан құлдырауының себеп-салдарларын, тарихтың тылсым сырларын жете түсінуге негіз болатын жинақталып, жүйеленген мәдениет жөніндегі білім таратылып айтылса мақсатқа сай болмақ.

– Жалпы алғанда, қолға алыну тиіс осынау тақырып қазіргі уақытта Батыста, әсіресе АҚШ-та, Британияда, Германияда, сондай-ақ Жапония мен Кореяда және т.б. орын алған ұлы тоқырау, дағдарыс пен күйзелістің себептерін, әсіресе капиталистік сипаттас нарықтық экономикаға бет бұрған біздің елімізде (осы жолмен кете беретін болса) болмай қоймайтын апаттың, азып тозудың алдын алудың қажеттілігін тереңнен, кеңінен, жан-жақты түйсініп-түсінуге, оған дер кезінде тосқауыл қоя білуге үндейтін ой тамызық бере алады. Бұған сенімдіміз. «Мудрый не тот, кто все знает, а тот, кто знает, что именно сейчас нужно» («Бәрін білетін адам дана емес, нақ қазіргі күнде не қажет, не істеу керек екендігін білетін жан ғана дана саналады») деген афоризмнің жаны бар. Ендеше, мәдениеттің сан қырлы саласын емес, оның барлық мән-мазмұнын анықтайтын бірлі-екілі өзекті бөлшегін ғана көрсету ләзім және мақсатқа сай болмақ;

Қайталап айтайық, осынау тақырыпта назар аударуға тиісті бірнеше түйін бар. Олар – бастап айтар болсақ, мәдениеттің өзі не, оның мән-мазмұны қандай, деген сұраққа жауап бере отырып, оның құрылымы, түрлері мен атқаратын қызметтерін тілге тиек ету, сондай-ақ, мәдениет пен өркениеттің алуан түрлі теорияларын егжей-тегжейлі сөз ету қажет-ақ. Мәдениетті түсінудің бірінші қадамы дін,



діл, тіл және мінез-құлық аясындағы гуманистік идеялардан басталуы тиіс. Түбін қуып келгенде, біз мәдени құндылықтарды не үшін зерделеп, бойға сіңіреміз деген сұрақ көлденең тартыла береді. Құндылықтарды біліп-тану барысында олардың болмысына үнілуге ықпал етіп, өзіміз үшін, өзімізді тереңірек білу үшін қажет екендігін сезіне аламыз.

Біз экономикалық, инвестициялық кесім-шешімді баса айтып, экология және имандылық-мәдени құндылықтарды ескермей, әміршілдік-әкімшілдік *дөкір* психология ауылынан әлі алыс кете қоймай, ұсақ-түйек мүдделерге қамшы басып, бар байлығымызды халықтың игілігіне пайдалана алмай жүргеніміз тар пайымның салдары екенін шынымен ұға алар емеспіз бе? Кешегінің, бүгінгінің кінәрат-қателігінің зардап, салдарын бүгінгі ұрпақ тартып жатыр. Сірә, ұрпақтарға жалғасатын себеп-салдар қатынасы, уақыттар сабақтастығы, тарих сыны, қастандық-қателік өкімінің бір көрінісін күнде көріп жүрміз. Ендігісін, оқырмандар мен зерттеушілердің өздеріне қалдырамыз. Мәселе мынада: XX-XXI ғасырлар трагедиясы – имансыздық трагедиясы. Қазіргі уақытта дүниеде имандылыққа жетудің жолын іздестіру белсенділікпен жүргізілуде. Сондықтан, қоғамның қалпын, әсіресе мәдениетін рухани тұрғыдан түсініп түйсінудің әлеуметтік-саяси және экономикалық мәні зор. Осыны көрсету жұмысымыздың жаңа бір қыры болып табылады.

Ғылымды және техниканы бірінші орынға қойып, басымдылықты беру оларды күллі адамзатқа қарсы бағытталған дүлей күшке айналдырды. Бұл талас тудырмайтын шындық. Абай қоғамның шайқалмауы үшін екі нәрсеге: иман мен білімге ден қою керек десе, Иман Жүсіп: «Құдай білім берген екен деп біліміңе ғана емес, иманыңа сен» деген еді. Дағдарыстардың баршасы исламға билік айта алмайды. Рухани апатқа ұшыраған елдерде экономикалық дағдарыстар ғана емес, адамдардың жан күйзелісі, торуғыуы мен психикалық ауруларға ұшырауы белен алуда. Өйткені, оларда рухани ауытқушылыққа жол берілген. Әрине, харам тірлікке барғандар Алланың қаһарына ұшырамай қоймайды. Адам деген еді Фараби барлық әрекеттерінің ішінде тамаша әрекеттерді қалайтын болса ғана бақытқа жетеді. Адамда жақсы қасиеттер болса бақыт та, бақ та оның басына қонады. (Ж. Баласағұни). Бұл елдерге, мемлекеттерге де қаратыла айтылған сөз және әсиет. Бұған АҚШ пен Еуропаның қазіргі жағдайы мысал бола алады. «Америка ұлықтығының күл-паршасы шықты», деп жазды «Овсервер» басылымы [4]. АҚШ гегемониясының уақыты бітті. Совет Одағының құлауы сияқты Американың құлдырап, құлауына көп уақыт қалған жоқ (Джон Грет). Бұл ретте Вэнсуэла президенті бізде экономикалық дағдарыс жоқ, деді, өйткені, капитализмнен (нарықтық экономикадан) бас тартып, Иран, Қытай, Ресей сияқты елдермен қарым-қатынастарды жолға қойып дамытуға мүдделіміз.

Ал, сыбайлас жемқорлықтың батпағына батқан ел, қоғам адамгершіліктен ада, өте залалды және жойқын сипат алып дамиды. Зерттеулерде қоғамның дамуында экономиканың біріншілікке ие бола алмайтындығы, керісінше мәдениет құлдыраған жерде қоғам да құлдырай береді деген тезис кеңінен, тереңнен дәйектелінуі, адамдардың тұла бойын материалдық байлыққа деген құлшыныс-құмарлық билесе елдің тыныштығы бұзылатыны, ынтымақтастығы ыдырайтындығы, бұларға тосқауыл жасау шаралары дәйектелінуі керек.

Алла Тағаланың жібін берік ұстанғанда ғана адамзат бұл індеттен, апаттан құтыла алады. Ол – Құран Кәрімде. Зұлымдық еткен болса да туыспен, мушрик туыспен де жақсы қарым-қатынаста болудың маңыздылығы хадистерде де айтылған. «Алла Тағала адамға қиянат жасамауды бұйырады. Басқа дін өкілдерінен немесе кәпірлерден қауіп төнбесе, мұсылман адам бірінші болып оларға қарсы қару қолданбақ былай тұрсын, балағат, лағынет сөйлемей керек. Ондай әрекетке барған адам кұнаға батады. Алла тағала жақсылыққа жақсылықпен жауап беруді, кешірімді болуды бұйырады. Адам мұсылман болмаса да, онымен қатынаста адал болу – әр мұсылманның парызы. Аллатағала себепсіз қан төгуге, адам өлтіруге тыйым салған. Адам тұрмақ, жан-жануарды, тіпті жәндіктерді себепсіз өлтіруге тыйым салынған» [5]. Ислам – бейбіт өмірдің, достықтың, адамгершіліктің, ынтымақтастықтың, адамдарға деген сүйіспеншіліктің, сый-сияпат пен құрметтің, білімге құштарлықтың, қараңғылыққа қарсы күрестің қайнар көзі. Оқулықтар мен оқу құралдарында басқа елдерден халықтың жан дүниесіне, көңіл күйіне қайшы келмейтін өмір салты мен заңдарды қабылдау ләзім деген тұжырым егжей-тегжейлі дәйектелінуі күтіледі.

Адамзат санасын өзгертпесе (дәстүрге қарай) тығырыққа тірелген қалыптан шыға алмасы анық. Соған сәйкес реформалар жүргізілмесе де оның салдары адам шошынарлықтай болады. Кешегі және бүгінгі өтпелі дәуірдің шикіліктері, нарықтық экономикамыздың және т.б. сиқы бірте-бірте рухани тіршілігімізден көрініс таба бастады, жастарды азып-тозуға бастады. Мәдениеттің мәнін жете түсініп-



түйсіну қайсы жұрттардың тәжірбиесіне қарап бой түзеу керектігін, олардың идеологиясы мен практикасына, сондай-ақ құндылықтарына мән беріп, салмақтап асықпай саралауға үндейді, олардың жақсысынан үйреніп, жаманы мен жасығынан жирендіреді, әлемдегі қазіргі өркениетті қауымдастықпен ұнқатысуға түсуде сақ болу керектігіне меңзейді. Сыншылдығымыз жоқ болса шет жерден бәрін талғамсыз-талдаусыз (сүзгісіз) қабылдай береміз. Шәкәрім кезінде «Еуропаға қарап отырсам, үлгі аларлық бір ел жоқ екендігіне көзім жетті» деген еді. Ал біз үлгі алмайтын елден, жерден үлгі алып жатырмыз. Сайып келгенде, өзімізді өзіміз тану үшін өзіміздің ғұламаларымызға, Шығыстың сұңғыла ойшылдарына ден қойғанымыз жөн болар еді деген тезис дәйектелінсе еңбектерде жақсы болар еді. Сендердің ең ізгіліктерің Құранды оқуды үйреніп, оны басқаларға үйреткендерің, адал мен арамды айырып, адамзатқа тура жол нұсқаған Құранды оқымай қойсаңдар, елеп-екшелемесендер адамзатқа іріп-шіруден басқа жол қалмайды деген Хадис хикметі тұрғысынан мәдениетті және оның теориясын дәйектеуді өз зерттеуінде алдына мақсат-міндет етіп қою аса қажет.

Ислами жиһадтың мақсаты-нәпсіңмен күресу, адамдарды бірлікке шақыру, Отаныңды, үмметіңді қорғау, күнәдан арылу. Олай болса, біздің қоғамымыздың тұрақты дамуы мен көркеюі дәстүр мен көркем мінез-құлық аясында жүзеге асады – міне, осынау тезисті мәдениетпен байланыстыра дәйектеу мәдениетке бағышталған жұмыстың басты жаңалығы болып табылады деп білеміз. Нәпсіні тыю, сауатсыздықпен күресу, тәкаппар болмау, дерекіліктен ажырау және адамның басқа да исламға тура келмейтін мінез-құлқымен күресу, яғни оны жою, керісінше көркем мінезді болу, намаз оқу, ауыз бекіту, әділетті болу, өтірік айтпау, сабырлы болу, бұл қасиеттерді иелену жолында Пайғамбарға еліктеу сияқты шынайы мәдениетті болуға үндейтін исламды ұстанудан басқа жол жоқ екендігі – ақиқат. Ислам сөзінің түбірі «салам» – бейбітшілік, қауіпсіздік, сәттілік, Аллахқа мойынсұну.

Зерттеулерде, сондай-ақ, оқулықтарда мәдениетті Жаратушы, Әлем, Қоғамдық жүйе – орта мен адамның ара- қатынасына және ықпалдастығы тұрғысынан түсініп-түйсіну қағидасы алға тартылып, сондай-ақ, мәдениет құлдыраса, қоғам да құлдырайды деген тұжырым дәйектелініп, мәдениеттану мен өркениет жөніндегі теорияларды саралай отырып, Жаратушы, Әлем, қоғамдық жүйе-орта мен адамның ара қатынасының мәдениеттің сипатын айқындайтынын, оған тигізетін оң немесе теріс ықпалын, мәдениеттің дамуы мен құлдырауының жалпы заңдылықтарын бағамдап, оның күллі қоғамның іргетасын не шайқалтып не болмаса нығайта аларлықтай, тіпті ғылым мен техника-өндірістің дамуына жағымды-жарасымды әсер ете алатындай әлеуетінің барлығы көрсетілуі ләзім.

Мәдениетте аңыздан кейін дін басымдылыққа ие бола бастады. Мәдениеттің діни емес құндылықтары мен діни құндылықтар көбінесе бір-бірімен үйлесе бермей жатады. Мысалы, өмірдің мағынасын түсінуде және т.б. осыны айтуға болады. Дерлік кез келген діндегі басты нәрсе – бұл ақылмен, рационалдық жолмен түсіндіруге болмайтын табиғаттан тыс тұрған күшке, ғажайып кереметке деген наным. Әдетте, мәдениет діннің қалыптасуы кезеңінде оны өзгеріске ұшырата алады. Бірақ, дін орнығып алғаннан кейінгі кезде мәдениеттің өзін өзгерте бастайды, сондықтан мәдениеттің әрі қарай дамуы діннің тікелей ықпалымен жүзеге асады.

Э. Дюркгейм дін негізінен ұжымдық ұйымдарды пайдаланады, сондықтан топтасу мен байланыс орнату оның басты регулятивтері саналады деген. Діннің құндылықтары бір дінді ұстанған қауымдастықтың тарапынан қабылданады, сол себепті дін ең алдымен топтасу мақсатын көздеп, қоршаған айналаны бірдей бағалауды, адамның өмірлік мәнін бірдей ұғынуды қамтамасыз етуге әрекет етеді. Ол құндылықтардың дәрежелері мен маңыздылығын анықтап, оларға қасиеттілік пен шартсыздық сипатын таңып, жердегілерден бастап аспандағыларға дейінгі құндылықтардың тәртібін өзінше анықтап реттейді.

Дін ұсынатын құндылықтар шеңберінде адамнан талап етілетін моральдық жетілу белгілі бір мағынаның кернеу өрісін қалыптастырады. Мұның өзі діни емес құндылықтарды ауыздықтау есебінен жүзеге асатын әлеуметтік тұрақтылыққа әкелуі мүмкін. Бірақ мәдениеттің даму барысында секуляризациялық процестің, яғни мәдениеттің, діннің ықпалынан босанып шығу үрдісі бірте-бірте төбе көрсете бастайды.

Аңыз маңызын жоғалтқаннан кейін барып, адам ұжымның өмірімен тұтасып, қосылысып кетіп, оның тәртібі бейсаналық деңгейде түрлі магиялық «табулармен» бағдарландырылу арқылы бақылауға алынған кезде мораль немесе адамгершілік қасиеттері жөніндегі ұғымдар пайда болады. Ендігі жерде ұжымнан салыстырмалы ішкі автономдық жағдайда өмір сүрген адамға өзін-өзінің бақылауға алуына тура келеді. Осылайша бірінші адамгершілік регулятивтері – борыш, ұят және намыс пайда болады. Адамның ішкі дербестігінің белең алуы және жетілген тұлғаның қалыптасуына байланысты ар-ұждан



сияқты ізгіліктік регулятиві көріне бастайды. Ол адамның рухани еркіндігінің жүзеге асуымен қабаттаса пайда болады.

#### Әдебиеттер:

1. Межуев В.М. Классическая модель культуры: проблема культуры в философии Нового времени // Культура: теории и проблемы. - М., 1995.
2. Медетбек Т. Олар «Алжас!» десе, біз «Алжаспа!» дейміз. // «Жас Алаш», № 76, 23 қыркүйек, 2008.
3. «Қазақстандық ұлт». Бұл не? Құбыжық эксперимент». // «Жас Алаш» газеті, № 50, 24 маусым 2008.
4. Америка ұлықтығының күл-паршасы шықты. // «Овсервер» басылымы. 1-4 қазан, 2008.
5. Бегімтаев Ш. «Жиһад». Ол тек соғыс ғана емес... // «Егемен Қазақстан», 24 қыркүйек, 2008.